

Қосылған құн салығы

**НҰРЫМОВ А.А.
э.ғ.д., профессор**

ҚҚС мәні мен қажеттілігі

- Қазақстандық салық жүйесінде жанама салық негізгі рөл атқарады, оған бюджет кірісінде негізгі орын алатын ҚҚС (НДС), акциздер және т.б. жатады. ҚР қолданылатын жанама салықтардың ішінде ҚҚС (НДС) ең маңыздысы болып саналады.
- ҚҚС-ты (НДС) айналымнан түсетін салықты ауыстыру үшін француз экономисі М.Лоре ойлап тапқан және ол Францияда алғаш рет 1954 жылы енгізілген.

ҚҚС мәні мен қажеттілігі

- Францияда ҚҚС енгізілгеннен кейін бұл салық ЕЭК мемлекет-мүшелері және дүниежүзінің кейбір өнірістік дамыған мемлекеттерінде тарай бастады.
- Бұл мемлекеттердегі салық жүйесінің осы бағытта өзгеруінің негізгі себептері:
- ҚҚС дамыған техника мен құжат айналымының қалыптасқан жүйесі арқылы салық операцияларын нақты және жылдам жүргізуге мүмкіндік береді;
- ҚҚС енгізу – мемлекеттің Жалпы нарыққа кірудің міндетті шарты;
- жеке тауарлар мен қызметтерге салық салуда жеңілдік шарттарын жасау үшін жеке саудадан түскен салыққа қарағанда ҚҚС біршама тиімдірек;
- басқа салықтармен салыстырғанда ҚҚС-тың мемлекет бюджетін көбейтуде мүмкіншілігі молырақ.
- ҚР экономикасын реформалау кезінде айналымнан және сатудан түсетін салықты жоюмен қатар 1992 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚҚС енгізілді.

ҚҚС мәні мен қажеттілігі

- Қосылған құнға салынатын салық бойынша салық салмағы мен ауыртпашылығы тұтынушыларға түседі, солардың мойнына жүктеледі. Сондықтан, экономист ғалымдар бұл салықты **тұтынушыларға салынатын салық деп атайды**. Қосылған құнға салынатын салықтың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттасақ: **біріншіден**, олар тауарлардың (атқарылатын жұмыс, көрсетілген қызметтердің) бағасына заңда белгіленген ставкамен қосылғандықтан нақты салық төлеуші сатушы емес, сатып алушы болып табылады;

ҚҚС мәні мен қажеттілігі

- **екіншіден**, тауарды өндірушіден (жұмыс атқарушы, қызмет көрсетуші) қосылған құнға салынатын салық сомасы қосылған тауарды сатып алушы (сатушы) сол тауарды алу кезіндегі шығындарына салық сомасын қосып қайтадан сатқандықтан тауарлардың бағасының күрт өсу тенденциясы байқалады;
үшіншіден, тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) бағасы мен тарифіне қосылғандықтан және бұл салықтан жалтару қиын болғандықтан мемлекеттік бюджетке айтарлықтай мөлшерде мол түсім түсіреді, яғни экономикалық дағдарыс пен өндірістердің құлдырауы кезеңінде бұл салықтың маңызы артады. Сондықтан, қосылған құнға салынатын салық кеңінен тараған жанама салық түріне жатады.

ҚҚС-ты есептеу механизмі

- Мысалы:"А" кәсіпорны «Б» кәсіпорнынан 120000 теңгеге өнім сатып алды, оның 12857 теңгесі 12% ставка бойынша ҚҚС-ты құрайды. «Б» кәсіпорны 120000 теңгенің тауарын сатқаны үшін бюджетке 12857 теңге салық төлеуі тиіс.
- "А" кәсіпорны бюджетке ҚҚС-ты "Б" кәсіпорны арқылы салық төледі. $120\ 000 \times 12\ \% : 112\ \% = 12857$
- Сосын "А" кәсіпорны өз тауарын сатып 180000 теңге кіріс кіргізді $(180\ 000 \times 12\ \% \times 112\ \%) = 19286$ тенге. ҚҚС 19286 теңгені құрайды.
- Енді "А" кәсіпорны бюджетке ҚҚС төлеу керек. Алдында "А" кәсіпорны "Б" кәсіпорнына 12857 теңге ҚҚС төлеген, ендеше "А" кәсіпорны бюджетке $19286 - 12857 = 6429$ теңге ғана төлеуі қажет.
- **Бюджетке төленетін ҚҚС құны есептеу сомасына жатады да, жеткізушіге төленген – зачет сомасы болып есептеледі. Бюджетке есептелген сома мен зачет сомасының айрмасы аударылады. Есептелді $19286 - 12857$ зачет = 6429.**

Қосылған құн салығы

ҚҚС тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді.

Қосылған құн салығы

- Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті қосылған құн салығының **сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.**

ҚҚС төлеушілері

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған мынадай тұлғалар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады:

- ✓ Дара кәсіпкер
- ✓ Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент- заңды тұлғалар;
- ✓ Қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырылатын резидент еместер;
- ✓ Сенімгерлікпен басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылармен сенімгерлікпен басқару шарттарыбойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушылар.

ҚҚС объектілері

1. Салық салынатын айналым
2. Салық салынатын импорт

Тауарларды өткізу бойынша айналым:

1. Тауарға меншік құқығын беруді, оның ішінде:

- тауарды сатуды;
- кәсіпорынды тұтастай мүліктік кешен ретінде сатуды;
- тауарды тиеп-жөнелтуді, оның ішінде басқа тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге айырбастауды;
- тауар экспортын;
- тауарды өтеусіз беруді;
- жұмыс берушінің тауарды қызметкерге жалақы есебінен беруін;

Тауарларды өткізу бойынша айналым:

2. Тауарды бөліп-бөліп төлеу шартымен тиеп жөнелту;
3. Мүлікті қаржы лизінгіне беру;
4. Тауарды комиссия шарты бойынша тиеп жөнелту;
5. Кепіл берушінің кепілге берілген мүлікті (тауарды) борыштың төленбеуі жағдайында беруін;
6. Бұрын экспорт режимінде шығарылған тауарды кері импорт режимінде қайтаруды білдіреді.

Мыналар өткізу бойынша айналым болып табылмайды:

1. Мүлікті жарғылық капиталға салым ретінде беру;

2. Жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлікті қайтару;

3. Бірлігінің құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕҚтің 2 еселенген мөлшерінен аспайтын тауарды жарнамалық мақсатта өтеусіз беру не сыйлау;

4. Тапсырысшының мердігерге дайын өнімді мердігердің дайындауы, қайта өңдеуі, құрастыруы, жөндеуі.

5. Қайтарылатын ыдысты тиіп жөнелту:

6. Бұрын экспорт режимінде шығарылған тауарды кері импорт режимінде қайтаруды қоспағанда, тауарды қайтару

7. Қайта алып келуге жататын тауарларды көрмелер, басқа да мәдени және спорт шараларын өткізу үшін ҚР-ның тысқарыжерлерге әкету;

8. ҚР-на беруге жататын мүлікті жер қойнауын пайдаланушының ҚР-ның меншігіне беруі;

9. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

10. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның негізгі құралдарын, материалдық емес активтерін және өзге де мүлкін оның құқықтық мирасқорына беруі;

11. Концессия объектісін концедентке беру;

12. Егер ж/т-ның жеке мүлікті кәсіпкерлік қызметмақсатында пайдалыналмаса, осы тұлғаның осындай мүлікті өткізу бойынша айналым;

13. Пайда алушының мүлікті сенімгерлікпен басқарушыға беруі;

14. Сенімгерлікпен басқару туындауының негізі болып табылатын құжаттың қолданылуы тоқтатылған кезде сенімгерлікпен басқарушының мүлікті қайтаруы;

15. Сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге де жағдайларда пайда алушыға беруі өткізу бойынша айналым болып табылмайды.

Салық салынатын айналым

- Қосылған құн салығын төлеушінің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша жасаған айналымы салық салынатын айналым болып табылады, оған:
 - 1) қосылған құн салығынан босатылған;
 - 2) өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын айналым қосылмайды.
- Қазақстан Республикасының кеден [зандарына](#) сәйкес декларациялануға тиісті, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

Тауарды өткізу орны

- *Тауарды өткізу орны болып:*
- 1) егер тауарды беруші, алушы немесе үшінші тұлға тасымалдайтын (жіберетін) болса, тауарды тасымалдау басталған орын;
- 2) басқа жағдайларда - тауарды алушыға беру орны тауарды өткізу орны болып танылады.

Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны

- *Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып:*
- 1) егер жұмыстар, қызметтер жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты болса, осы мүліктің орналасқан жері;
- 2) егер олар жылжымалы мүлікпен байланысты болса, жұмыстарды, қызметтерді нақты жүзеге асыратын орны;

Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны

- *Жұмыстарды, қызметтерді өткізу орны болып:*
- 3) егер қызметтер мәдениет, өнер, білім, дене тәрбиесі немесе спорт саласындағы қызметтерге қатысты болса, қызметтердің нақты көрсетілетін орны;
- 4) жұмыстарды, қызметтерді сатып алушының кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызмет орны танылады.

Айналым жасау күні

- Тауарды тиеп жөнелту күні тауар өткізу бойынша *айналым жасау күні* болып табылады. Егер тауарды тиеп жөнелту жүзеге асырылмаған жағдайда, онда алушыға тауар меншігінің құқығы берілген күн өткізу бойынша айналым жасау күні болып табылады.
- Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті (тауарды) берген кезде кепіл ұстаушы үшін мына күндердің бірі:
- кепіл затына меншік құқығы кепіл берушіден кепілге салынған мүлікті өндіріп алу процесінде жүргізілген сауда-саттықтың жеңімпазына ауысқан күн;
- егер сауда-саттық өтпеді деп жарияланса, кепіл затына меншік құқығы кепіл берушіден кепіл ұстаушыға ауысқан күн сату бойынша айналым жасау күні болып табылады.

Айналым жасау күні

- Жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша салық салынатын айналым жасау күні төменде аталған шарттардың бірі бірінші болып орындалған жағдайда басталады:
- жұмыстарға, қызмет көрсетулерге қосылған құн салығымен бірге шот-фактура жазылғанда;
- жұмыстар орындалған, қызмет көрсетілсе.
- Егер жұмыстар, қызметтер тұрақты (үзіліссіз) негізде өткізілетін болса, онда:
- қосылған құн салығы көрсетіліп, шот-фактура жазылған күннің;
- әрбір төлемді (есеп айырысу нысанына қарамастан) алу күнінің қайсысы бірінші болса, сол күн өткізу бойынша салық салынатын айналым жасау күні болып табылады.

Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшерін түзету

- Өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны қандай да бір өзгеріске түскен жағдайда, салық салынатын айналым мөлшері тиісті түрде түзетіледі.
- *Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшерін түзету:*
- 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;
- 2) мәміленің шарттары өзгерген;
- 3) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін бағалар, өтемақылар өзгерген;

Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшерін түзету

- 4) бағаны түсірген, сату бағасын түсірген;
- 5) өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін теңгемен төлеу кезінде құнының айырмасын алған
- 6) өткізу жөніндегі айналымға енгізілген ыдыстарды қайтарған жағдайларда жүргізіледі.
- Салық салу айналымының мөлшерін түзету қосымша шот-фактураның, басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар

- Қорытындысы бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша айналымның мөлшері белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 30000 еселенген өткізу бойынша ең төменгі айналымнан асатын болса, дара кәсіпкерлер, резидент заңды тұлғалар, қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер кез келген кезең (он екі айлық кезеңнен аспайтын) аяқталған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар

- Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылуға жатпайтын, бірақ қосылған құн салығын салуға жататын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуді жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлаған тұлға қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтінішті салық органына ерікті түрде бере алады. Дара кәсіпкерлер, резидент заңды тұлғалар, қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер қосылған құн салығы бойынша ол есепке қою туралы өтініш берген айдан кейінгі айдың алғашқы күнінен бастап қосылған құн салығын төлеушіге айналады.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылатын орын

- Қосылған құн салығы бойынша есепке қою салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады. Заңды тұлға арнайы экономикалық аймақтың аумағында объектілер салу жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, ондай заңды тұлғаны не оның құрылымдық бөлімшесін қосылған құн салығы бойынша есепке қоюды арнайы экономикалық аймақ аумағындағы салық органы жүзеге асырады.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік

- Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік қатаң есептілік бланкісі болып табылады және салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою фактісін куәландырады. Куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік салық төлеушіге қолын қойдырып беріледі.
- Куәлікті беру қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті беру журналында тіркеледі.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік

- Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік мынадай міндетті деректемелерді:
- 1) салық төлеушінің атауын және тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда);
- 2) сәйкестендіру нөмірін;
- 3) салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою күнін;
- 4) салық органының қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікке қол қойған күнімен оны беру күнінің сай келуін;
- 5) куәлік берген салық органының атауын қамтиды.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік қосылған құн салығын төлеушіде сақталады.

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару

- Егер салық салынатын айналым мөлшері салықтық өтініш берілген жылдың алдындағы күнтізбелік жыл үшін белгіленген өткізу бойынша ең төменгі айналымнан аспаса, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару үшін қосылған құн салығын төлеуші орналасқан жері бойынша салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтініш беруге құқылы.
- Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару үшін ұсынылған салықтық өтінішке мынадай құжаттар:
-

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару

- 1) салық төлеуші куәлікті жоғалтып алған жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің түпнұсқасы;
- 2) қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясы қоса беріледі.
- Салық органдары салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығаруды салықтық өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізуге міндетті.
-

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару

- Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару:
- 1) қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын резидент заңды тұлға, Қазақстан Республикасы аумағында филиал, өкілдіктер арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға, дара кәсіпкер қызметін тоқтатқан жағдайда салықтық өтінішті тапсыру күнінен бастап;
- 2) заңды тұлғалар бірігу, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайларда – қайта пайда болған заңды тұлғаның құрамына кірген заңды тұлғаларды, қосылған заңды тұлғаны Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімінен алып тастаған күннен бастап;
- 3) заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда – қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті берген немесе ол жоғалған не бүлінген жағдайда қағазда жазылған түсініктеме табыс еткен күннен бастап жүргізіледі.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- Мынадай тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді:
 - 1) почта төлемақысының мемлекеттік белгілерін;
 - 2) акциздік маркаларды;
 - 3) уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын, соларға байланысты мемлекеттік баж алынатын қызмет көрсетулерді;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтаждары үшін сатып алынған мүлікті;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар*
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелерге немесе мемлекеттік кәсіпорындарға өтеусіз негізде берілетін негізгі құралдарды, жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияларды, материалдық емес және биологиялық активтерді;
- 6) жерлеу бюроларының салт-жора қызмет көрсетулерін, зираттар мен крематорийлердің қызмет көрсетулерін;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- 7) лотереяларды өткізу жөніндегі қызмет көрсетулерді қоспағанда, лотереялық билеттерді;
- 8) төлем қарточкаларымен жасалатын операциялар бойынша есеп-қисаптарды қатысушыларға жинау, өңдеу және таратып беру жөнінде қызмет көрсетулерді қоса алғанда, есеп-қисаптарға қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулерді;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- 9) Қазақстан Республикасының кеден аумағына “Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу” кеден режимінде әкелінген тауарларды қайта өңдеу және жөндеу жөніндегі қызмет көрсетулерді;
- 10) халықаралық болып табылатын тасымалдауға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулерді, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, оның ішінде почтаны, тиеу, түсіру, қайта тиеу (ағызу-құю), жөнелту жөніндегі жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, сондай-ақ транзиттік жүктерді; әуежай қызметіне техникалық және аэронавигациялық қызмет көрсетулер жөніндегі қызмет көрсетулерді; халықаралық рейстерге қызмет көрсету жөнінде теңіз айлақтарындағы қызмет көрсетулерді;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- 11) тұрғын үй қорын басқару, ұстау мен пайдалану жөніндегі қызмет көрсетулерді;
- 12) ұлттық валюта банкноттары мен монеталарын;
- 13) егер мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ өндірістік ұйымдар мына шарттарға сәйкес келсе:
- осындай өндірістік ұйымдардың қызметкерлері жалпы санының кемінде 51 процентін мүгедектер құраса;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- мүгедектерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстар еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 процентін) құраса, осындай бірлестіктер мен ұйымдардың, сауда-делдалдық қызметтен түскен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдарынан және акцизделетін тауарларды өндіру мен өткізу бойынша айналымдардан басқа, тауарларын, жұмыстарын, қызмет көрсетулерін;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар*
- 14) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес жалға берілетін үйдің үй-жайларын жалға беру бойынша қызмет көрсетулерді;
- 15) егер мәміле шарттарында салық төлеушінің өткізген тауарларының, орындаған жұмыстарының, қызмет көрсетулерінің сапасына кепілдік беру көзделсе, тауарларды пайдаланудың мәміледе белгіленген кепілдік мерзімі кезеңінде, олардың қосалқы бөлшектері мен бөлшектерінің құнын қоса алғанда, оларды өтеусіз жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды, қызмет көрсетулерді;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- 16) тазартылған қымбат бағалы металдарды – өз өндірісі шикізатынан дайындалған алтынды, платинаны;
- 17) Ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлері бойынша қызмет көрсетулерді;
- 18) жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар, қаржылық қызмет көрсетулер, қаржы лизингіне берілген мүлік, коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер, геологиялық барлау және геологиялық-ізвестіру жұмыстары, мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, медициналық және мал дәрігерлік қызмет саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулер;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар***
- 19) нотариаттық іс-әрекеттерді, адвокаттық қызметті жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетулерді;
- 20) мыналар:
 - ұлттық басқарушы холдинг;
 - дауыс беретін акцияларының 100 проценті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар төлемдік, оралымдылық және қайтарымдық жағдайларында жүзеге асыратын ақшалай нысандағы қарыз операцияларын өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.
- Аталған заңды тұлғалардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Жерге және тұрғын үй ғимараттарына байланысты айналымдар*
- Тұрғын үй ғимаратын өткізу және (немесе) осындай ғимаратты жалға беру, оның ішінде қосалқы жалға беру мыналарды:
 - қонақүй қызметін көрсету мақсатында пайдаланылатын тұрғын үй ғимаратын (ғимараттың бір бөлігін) өткізуді немесе жалға беруді;
 - қонақүйде тұру бойынша қызмет көрсетуді қоспағанда, қосылған құн салығынан босатылады.
- Жер учаскесін иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын беру және (немесе) жер учаскесін жалға, оның ішінде қосалқы жалға беру қосылған құн салығынан босатылады.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- Қосылған құн салығынан босатылатын қаржы қызметтеріне мыналар жатады:
- 1) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүргізетін мынадай банк операциялары және өзге де операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде өзге де заңды тұлғалар лицензиясыз жүргізетін операциялар:
- депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қаржылық қызмет көрсетулер*
- Қосылған құн салығынан босатылатын қаржы қызметтеріне мыналар жатады:
- 1) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жүргізетін мынадай банк операциялары және өзге де операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде өзге де заңды тұлғалар лицензиясыз жүргізетін операциялар:
- депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
- банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке және заңды тұлғалардың өздеріне тиесілі тазартылған қымбат бағалы металдардың және қымбат бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты мөлшері көрсетілген металл шоттарын ашу және жүргізу;
- аударым операциялары;
- банктік қарыз операциялары;
- кассалық операциялар;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
- төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
- аккредитив ашу (ұсыну) және оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;
- банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілгерлігін және өзге де міндеттемелерді беруі;
- банктер жүзеге асыратын факторингтік және форфейтингтік операциялар;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- 2) бағалы қағаздармен жасалатын операциялар;
- 3) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын тұлғалардың қызмет көрсетулері;
- 4) туынды қаржы құралдарымен жасалатын операциялар;
- 5) сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі операциялар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу және орындау бойынша сақтандыру брокерлерінің (сақтандыру агенттерінің) қызмет көрсетулері;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- 6) банкаралық клиринг бойынша қызмет көрсетулер;
- 7) төлем карточкаларымен, чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен жасалатын операциялар;
- 8) зейнетақы активтерін, сондай-ақ Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін инвестициялық басқару бойынша қызмет көрсетулер;
- 9) ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын басқару бойынша қызмет көрсетулер;
- 10) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту бойынша, зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық табысты бөлу мен есептеу бойынша қызмет көрсетулері;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қаржылық қызмет көрсетулер***
- 11) кәсіпорынның жарғылық капиталына қатысу үлесін сату;
- 12) микрокредиттер беру жөніндегі операциялар;
- 13) ломбардтардың жылжымалы мүлікті кепілге алу арқылы қысқа мерзімді қарыздар беруі бойынша қызмет көрсетулер;
- 14) кредиттік серіктестіктер өз қатысушылары үшін жүзеге асыратын мынадай операциялар:
 - аударым операциялары: төлемдер және ақша аударымы бойынша тапсырмаларды орындау;
 - қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қаржылық қызмет көрсетулер*
- кассалық операциялар;
- кредиттік серіктестікке қатысушылардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- кредиттік серіктестікке қатысушылар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін кепілдіктер, кепілгерліктер және өзге де міндеттемелер беру;
- 15) тазартылған қымбат бағалы металдармен олардың орнын ауыстырмай жасалатын операциялар;
- 16) қарыз бойынша талап ету құқықтарын беру.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Мүлікті қаржы лизингіне беру***
- Мынадай талаптар сақталған жағдайда:
 - қаржы лизингіне беру талаптарға сай келсе;
 - лизинг алушы мүлікті негізгі құрал, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, биологиялық активтер ретінде алса, қосылған құн салығынан босатылады.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер***
- Коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын қызметтерді көрсету бойынша айналымдар, егер олар:
- балаларды, қарттарды, соғыс және еңбек ардагерлерін, мүгедектерді қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру жөнінде қызмет көрсетулермен;
- діни ұйымдардың жоралар мен рәсімдерді жүзеге асыруына, діни керек-жарақтарын өткізуіне байланысты болса, қосылған құн салығынан босатылады.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар*
- Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар, егер олар мынадай:
- 1) мәдениет саласындағы мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды, сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу жөніндегі;
- 2) мәдени ұйымдар – театрлар, филармониялар, мұражайлар, кітапханалар, мәдени-демалыс ұйымдары жүзеге асыратын (кәсіпкерлік қызметтен басқа);

-

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар*
- 3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік білім беру, қызметтің осы түрлерін жүргізуге құқық беретін тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын білім беру;
- 4) мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына;
-

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, жұмыстар***
- 5) кітапхана қызметін көрсету жөніндегі;
- 6) ақпарат тарату мен насихаттауды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарихи-мәдени игілік объектілерінің тізіліміне немесе Тарихи және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілерін және мәдени құндылықтарды сақтау жөнінде қызмет көрсетулерге, жұмыстарға қатысты болса, қосылған құн салығынан босатылады.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- **Медициналық және мал дәрігерлік қызмет саласындағы тауарлар мен қызмет көрсетулер**
- Медициналық және мал дәрігерлік қызмет көрсетумен байланысты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар:
 - 1) кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде субстанция-дәрілерді, сондай-ақ оларды шығаруға арналған материалдар мен жинақтаушы заттарды өткізген;
 - 2) протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар мен жинақтаушы заттарды, оның ішінде субстанция-дәрілерді, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды өткізген;
 - 3) косметологиялық, санаториялық-курорттық қызмет көрсетулерді қоспағанда, медициналық (ветеринариялық) қызмет көрсетілген жағдайларда, қосылған құн салығынан босатылады.

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- ***Қосылған құн салығынан босатылатын импорт***
- Қосылған құн салығынан мынадай тауарлардың импорты босатылады:
 - 1) ұлттық және шетелдік валюта банкноттары мен монеталары (мәдени-тарихи құндылығы бар банкноттар мен монеталардан басқа), сондай-ақ бағалы қағаздар;
 - 2) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес бекітілген тауарларды бажсыз әкелу нормалары бойынша жеке тұлғалар жүзеге асыратын тауарлар;
 - 3) акцизделетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлар;
 - 4) акцизделетін тауарларды қоспағанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша, техникалық жәрдем көрсетуді қоса алғанда, қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін тауарлар;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қосылған құн салығынан босатылатын импорт*
- 5) шетелдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалануы үшін әкелінетін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылатын тауарлар;
- 6) салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден режимдерінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын тауарлар;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қосылған құн салығынан босатылатын импорт*
- 7) кез келген нысандағы дәрілік заттар, оның ішінде субстанция-дәрілер; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде субстанция-дәрілер, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар импорты қосылған құн салығынан босатылады; Осы тармақшада көрсетілген тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

Қосылған құн салығынан босатылатын айналым мен импорт

- *Қосылған құн салығынан босатылатын импорт*
- 8) почта маркалары (коллекциялық маркалардан басқа);
- 9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ұйымдары жүзеге асыратын, ақша белгілерін шығаруға арналған шикізат;
- 10) мемлекеттердің, мемлекеттердің үкіметтері мен халықаралық ұйымдардың желісі бойынша берілген гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарлар импорты.

Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы

- *Есепке жатқызылмайтын қосылған құн салығы*
- Қосылған құн салығы, егер:
 - 1) салық салынатын айналым мақсаттарында пайдаланылмайтын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді;
 - 2) қонақ үй ретінде пайдаланылатынын қоспағанда, тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үй-жайды;
 - 3) негізгі құралдар ретінде сатып алынатын жеңіл автомобильдерді;
 - 4) тұрғын үй ғимаратындағы жалға алынған тұрғын үй-жайды жөндеуге пайдаланылған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алумен байланысты төленуге жататын болса, есепке жазылмайды.

Шот-фактура

- Қосылған құн салығын төлейтін барлық төлеушілер үшін міндетті құжат *шот-фактура* болып табылады. Қосылған құн салығын төлеуші тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдарды жүзеге асырған кезде, аталған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушыға шот-фактураны ресімдеуге міндетті.
- Қосылған құн салығын төлеуші шот-фактурада:
- 1) қосылған құн салығы салынатын айналымдар бойынша – қосылған құн салығының сомасын;
- 2) қосылған құн салығынан босатылған айналымдар бойынша “ҚҚС-сыз” белгісін көрсетеді.

Шот-фактура

- Қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіздеме болып табылатын шот-фактурада:
- 1) шот-фактураның цифрлық мәні бар реттік нөмірі;
- 2) шот-фактураның толтырылған күні;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші мен алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не толық атауы, мекенжайы, сондай-ақ өнім берушінің комитент немесе комиссионер мәртебесі;
- 4) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді беруші мен алушының сәйкестендіру нөмірі;
- 5) өнім берушінің қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қойылғаны туралы куәліктің нөмірі;

Шот-фактура

- 6) өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің атауы;
- 7) салық салынатын айналымның мөлшері;
- 8) қосылған құн салығының ставкасы;
- 9) қосылған құн салығының сомасы;
- 10) қосылған құн салығы ескеріле отырып, тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны көрсетілуге тиіс.
- Акцизделетін тауарларды өткізген жағдайда шот-фактурада акциз сомасы қосымша көрсетіледі.

Шот-фактура

- Шот-фактура екі дана етіп жазылады, олардың біреуі тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушыға беріледі.
- Бұрын ұсынылған шот-фактураға тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушіні және сатып алушыны ауыстыруға әкеп соқпайтын өзгерістер және толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, қателерді түзету мақсатында бұрын ұсынылған шот-фактураның күші жойылады және түзетілген шот-фактура ұсынылады.

Шот-фактура

- ***Салық салынатын айналым түзетілген кезде шот-фактуралар жасау***
- Салық салынатын айналым мөлшерін түзету кезінде қосымша шот-фактура жасалады, онда:
- 1) цифрлық мәні бар қосымша шот-фактураның реттік нөмірі және оны жасау күні;
- 2) қосымша шот-фактурасы жасалатын шот-фактураның реттік нөмірі мен жасалған күні;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушы мен алушының атауы, мекен-жайы және сәйкестендіру нөмірі;
- 4) қосылған құн салығын есепке алмай, салық салынатын айналымды түзету мөлшері;
- 5) қосылған құн салығының түзетілген сомасы көрсетіледі.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

- Экспортқа тауарлар өткізу бойынша айналымға нөлдік ставка бойынша салық салынады.
- Қазақстан Республикасының кеден [заңнамасына](#) сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету тауарлар экспорты болып табылады.
- Мыналар:
 - 1) экспортталатын тауарларды беруге арналған шарт;
 - 2) тауарлар шығаруды экспорт режимінде жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден органының белгісі бар жүктің кедендік декларациясы тауарлар экспортын растайтын құжат болып табылады.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

- 3) мынадай жағдайларда:
 - магистралдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде;
 - кезең-кезеңдік декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде;
 - уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының белгілері бар жүктің толық кедендік декларациясы;
- 4) тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;
- Тауарларды магистралдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша экспорт режимінде әкеткен жағдайда, тауардың ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі табыс етіледі;

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

- 5) зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне құқығы туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда, оның құнының растамасы тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.
- Кеден аумағынан тыс жерлерде қайта өңдеу режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге бұдан бұрын әкетілген тауарларды немесе олардың қайта өңделген өнімдерін одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда, экспортты растау экспортталатын тауарларды беруге арналған шартқа сәйкес, сондай-ақ мынадай құжаттар:
 - 1) қайта өңдеу режимі экспорт режиміне өзгертілетін жүктің кедендік декларациясы;

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

- 2) тауарларды кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу режимінде ресімделген жүктің кедендік декларациясы;
- 3) тауарларды шет мемлекет аумағына әкелу кезінде кеден аумағында қайта өңдеу (тауарларды кеден бақылауымен қайта өңдеу) режимінде ресімделген, осындай ресімдеуді жүзеге асырған кеден органы куәландырған жүктің кедендік декларациясының көшірмесі;
- 4) жүктің кедендік декларациясының көшірмесіне сәйкес шет мемлекеттің аумағында тауарларды кедендік бақылаудағы қайта өңдеу режимін шет мемлекеттің аумағында еркін айналыс үшін тауарларды шығару режиміне немесе экспорт режиміне өзгерту енгізілетін сол декларацияның көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

- ***Халықаралық тасымалдауға салық салу***
- Халықаралық тасымалдау бойынша мынадай қызмет көрсетулерді іске асыру жөніндегі айналымға:
- 1) Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, оның ішінде почтаны тасымалдауға;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзит жүктерін тасымалдауға;
- 3) халықаралық қатынаста жолаушылар мен багаж тасымалдауға нөлдік ставкамен салық салынады.

Халықаралық тасымалдауға салық салу

- Қазақстан Республикасының аумағына жолаушыларды, импортталатын тауарларды (почтаны, багажды) тасымалдауды бірнеше көлік ұйымдары жүзеге асырған болса, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жолаушыларды, тауарларды (почтаны, багажды) көлік ұйымының көлігімен тасымалдау жүзеге асырылатын тасымал халықаралық тасымалдауға жатады.
- Осы мақсаттар үшін:
- 1) жүктерді тасымалдау кезінде:
- халықаралық автомобиль қатынасында – тауар-көлік жүкқұжаты;
- халықаралық және мемлекетаралық теміржол көлігі қатынасында – бірыңғай үлгідегі жүкқұжаты;

Халықаралық тасымалдауға салық салу

- әуе көлігінде – жүкқұжаты;
- магистралдық құбыр жүйесі бойынша:
- есеп-қисап кезеңі ішінде әрбір магистралдық құбыр бойынша тауарлардың транзиттік көлеміне арналған жүктің кедендік декларациясы;
- орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері;
- шот-фактуралар;
- 2) жолаушылар мен багажды тасымалдау кезінде:
- автомобиль көлігімен:
- тұрақты тасымалдау кезінде – Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру билеттерін сату туралы есеп, сондай-ақ жол жүру бойындағы автовокзалдар (автостанциялар) жасаған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомостары;

Халықаралық тасымалдауға салық салу

- тұрақты емес тасымалдау кезінде – жолаушылардың тізімі;
- теміржол көлігімен:
- Қазақстан Республикасында сатылған жол жүру, тасымалдау және почта құжаттарын сату туралы есеп;
- халықаралық қатынаста Қазақстан Республикасында сатылған жолаушылар билеттері туралы есеп айырысу ведомосы;
- теміржол әкімшіліктері арасындағы жолаушылар тасымалдау үшін өзара есеп айырысу жөніндегі баланстық ведомость және жол жүру мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу туралы есеп;

Халықаралық тасымалдауға салық салу

- әуе көлігімен;
- бас декларация;
- жолаушы манифесі;
- карго-манифест;
- лоджит (орталық-тиеу кестесі);
- жинақтау-тиеу ведомосы (жол жүру билеті мен багаж квитанциясы) бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттары болып табылады.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

- ***Салықты есептеу және төлеу тәртібі***
- Салық салынатын айналым бойынша бюджетке жарна ретінде қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналым бойынша есептеп шығарылған қосылған құн салығының сомасы мен есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.
- ***Қосылған құн салығының ставкалары***
- Қосылған құн салығының ставкасы 12 процентті құрайды және салық салынатын айналым мен салық салынатын импорттың мөлшеріне қолданылады.
- **Салық кезеңі**
- Күнтізбелік тоқсан қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

- **Салық декларациясы**

- Қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың **15**-нен кешіктірмей әрбір салық кезеңі үшін табыс етуге міндетті. Декларациямен бір мезгілде салық кезеңі ішінде сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралардың тізілімдері табыс етіледі, олар декларацияға қосымша болып табылады. Сатып алынған және өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралар тізілімдерінің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

- *Қосылған құн салығын төлеу мерзімдері*
- Қосылған құн салығын төлеуші бюджетке жататын жарнаға салықты орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың **25**-нен кешіктірмей әрбір салық кезеңі үшін төлеуге міндетті. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кеден төлемдерін төлеу үшін айқындалатын күні төленеді.

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- Қосылған құн салығын қайтару, егер өзгеше белгіленбесе, мыналар:
- 1) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есепті салық кезеңінің аяғында декларация бойынша өсу қорытындысымен қалыптасқан есептелген салық сомасынан асып түсуі;
- Айналым мақсатында пайдаланылмайтын, нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алуға байланысты қалыптасқан, қосылған құн салығының асып түсуін қайтару:
- тауарлар импорты кезінде төленген;
- Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде төленген;

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- қосылған құн салығының асып түсуін қайтару туралы талап көрсетіле отырып, қосылған құн салығы жөніндегі декларация табыс етілген салық кезеңінің соңындағы пайдалануға берілетін негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сатып алынған биологиялық активтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы шегінде жүргізіледі.
- 2) грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушыларға төленген қосылған құн салығы;
- 3) Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, дипломатиялық және әкімшілік-техникалық персоналға жататын адамдар, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді ұсынушыларға төлеген қосылған құн салығы;
- 4) бюджетке артық төленген қосылған құн салығының сомасы салық төлеушіге бюджеттен қайтарылуға жатады.

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- Қосылған құн салығының асып кетуі: мыналар:
- шағын бизнес субъектілері;
- шаруа немесе фермер қожалықтары;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші-заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін белгіленген арнаулы салық режимдерінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеушіге қайтарылмайды.

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- Грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша:
- 1) грант алушыға – Қазақстан Республикасының грант беру туралы халықаралық шартына сәйкес бенефициар болып табылатын мемлекеттік органға, егер Қазақстан Республикасының аталған халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, орындаушыны тағайындаушыға;
- 2) орындаушыға – грантты іске асыру үшін грант алушы болып тағайындалған тұлғаға төленген қосылған құн салығын қайтару жүргізіледі.

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- Грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша:
- 1) грант алушыға – Қазақстан Республикасының грант беру туралы халықаралық шартына сәйкес бенефициар болып табылатын мемлекеттік органға, егер Қазақстан Республикасының аталған халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, орындаушыны тағайындаушыға;
- 2) орындаушыға – грантты іске асыру үшін грант алушы болып тағайындалған тұлғаға төленген қосылған құн салығын қайтару жүргізіледі.

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- *Қосылған құн салығын Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге және олардың персоналына қайтару*
- Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге және дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналына жататын адамдарға, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған тауарлар, орындалған жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін қосылған құн салығын қайтару, егер осындай қайтару Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда немесе қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктер беру кезінде өзара түсіністік принципін растайтын құжаттарда көзделген болса, жүргізіледі. 82

Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас

- *Қосылған құн салығын Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге және олардың персоналына қайтару*
- Қосылған құн салығын қайтаруды Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бекіткен тізбеге енгізілген өкілдіктердің орналасқан жері бойынша салық органы жүзеге асырады. Өзара түсіністік принципі негізінде, бірқатар өкілдіктерге қатысты қосылған құн салығын қайтарудың мөлшері мен шарттары бойынша шектеулер белгіленуі мүмкін. Қосылған құн салығын қайтару бойынша шектеулер белгіленетін өкілдіктердің тізбесін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі уәкілетті органның келісімі бойынша бекітеді.